

Әбікенов А.Ә.
**Азаматтық сот өндірісіндегі
кәмелетке толмаған
тұлғалардың құқықтық
мәртебесі**

Мақалада кәмелетке толмағандардың азаматтық процестегі құқықтық қабілеті мен әрекетке қабілеттілігі туралы мәселелер қарастырылады. Процессуалдық және материалдық құқықтық нормаларды сараптау арқылы азаматтық істерді талқылауға байланысты жас мөлшері үш деңгейлі санаттағы кәмелетке толмағандардың құқықтық ерекшеліктері анықталған. Заңдылықтардың заманауи тұрғыдағы даму ағымы кәмелетке толмаған тұлғалардың азаматтық сот өндірісіндегі толыққанды қатысушылар санатындағы процессуалдық мәртебесінің күшейе түсуімен сипатталады.

Түйін сөздер: азаматтық процесс, сот, тараптар, құқықтық қабілеттілік, әрекетке қабілеттілік, кәмелетке толмаған тұлғалар.

Abikenov A.A.
**The legal status of juveniles in
civil proceedings**

In this article is considered the questions of legal capacity and capability of minors in civil proceedings. On the basis of analysis of the rules of procedural and substantive law determined particular qualities of legal status of the three age categories of minors in civil cases. The current tendency of development of legislation is characterized by strengthening the procedural status of minors as full participants in civil proceedings.

Key words: civil procedure, court, part, legal capacity, capability, juveniles (minors).

Абикенов А.А.
**Правовой статус
несовершеннолетних лиц
в гражданском
судопроизводстве**

В статье рассматриваются вопросы правоспособности и дееспособности несовершеннолетних в гражданском процессе. На основе анализа норм процессуального и материального права определены особенности правового положения трех возрастных категорий несовершеннолетних лиц при рассмотрении гражданских дел. Современная тенденция развития законодательства характеризуется усилением процессуального статуса несовершеннолетних как полноправных участников гражданского судопроизводства.

Ключевые слова: гражданский процесс, суд, сторона, правоспособность, дееспособность, несовершеннолетние лица.

**АЗАМАТТЫҚ
СОТ ӨНДІРІСІНДЕГІ
КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН
ТҰЛҒАЛАРДЫҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ**

Заңнамалар бойынша дәстүрге сай іске қатысушы тұлғалардың құқықтық ережелерін реттейтін нормалар, негізінен Қазақстан Республикасының жаңа Азаматтық процесуалдық кодексінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V жалпы бөлігінде баяндалған (*әрі қарай – ҚР АПК*).

ҚР АПК жаңа және 1999 жылғы 13 шілдедегі № 411-I ескі нұсқасында да азаматтық істерді қараған кезде кәмелетке толмаған тұлғалардың мәртебесін толық дәрежеде ашып көрсеткен. Тұтастай алғанда, бұл нормалар көп жағдайда жүйеленбегендіктен теориялық та, тәжірибелік те сипаттағы мәселелердің туындауына себеп болады.

Мысалы, теориялық тұрғыда аталған мәселе аса назар аударуды қажет етеді, өйткені кәмелетке толмаған тұлғалардың азаматтық процестердегі рөлін нақтылы анықтап алмайынша, олардың толық көлемде қорғалуын жүзеге асыратын құқықтарының көлемін белгілеу мүмкін емес.

Тәжірибе жүзіндегі аспектілерде бұлар сот шешімін шығару кезінде және жалпы құқық қолдану тәжірибесінде, оның сапасына жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Кез келген жағдайдағы азаматтық процесуалдық құқықтық қатынастардың туындауы, әрбір азамат туғаннан ие болатын азаматтық процесуалдық құқықтық қабілеттің болуына, сондай-ақ азаматтық процесуалдық әрекетке қабілеттілікке ие болу, яғни азаматтық процесуалдық құқықты және жауапкершілікті жеке өзі сезіне білуі басты алғышарттардың бірі болып табылады.

Азаматтық процесуалдық құқықтық қабілет дегеніміз азаматтық процесуалдық нормалармен қарастырылған белгілі бір субъектінің азаматтық процесуалдық құқықтары мен азаматтық процесуалдық жауапкершіліктерге ие болу қабілетінің болуы деп түсініледі. Мұндай қабілеттің болмауы істерді қарау мен шешімін шығаруға тұлғаның қатысу мүмкіндігін шектейді. Сондықтан, азаматтық процесуалдық құқықтық қабілет – бұл заңмен белгіленген сот өндірісіне қатысушы болу мүмкіндігі болып табылады.

Кәмелетке толмаған жасы 14-тен 18 жасқа дейінгі тұлғалардың әрекетке қабілеттілігінің мазмұны Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 22 және 23 баптарында

бекітілген [1]. Сонымен бірге процессуалдық заңдылықтарда азаматтардың әрекетке қабілеттілігінің жас шектелімі нақтылы атап көрсетілген. Алайда, азаматтық процессуалдық қабілеттілікке жүргізілген сараптама кезінде негізгі сұрақ алға тартылады – ол осы құбылыстардың туындау мерзімі және жойылу салдары. Осыған байланысты ҚР АПК 45 бабында жас ерекшеліктері мен денсаулығына тәуелді жағдайда үш санаттағы азаматтар бөліп алынады [2].

Бірінші санатта – 18 жасқа жеткен және толық көлемде процессуалдық қабілетке ие (1 және 5 т.) азаматтар саналады. Осы санаттағы азаматтар қатарына 18 жасқа толмаған, бірақ неке жасына толмаса да некеге тұрып үлгеруіне орай немесе эмансипация тәртібінде толық әрекетке қабілетті болып саналатын азаматтар жатады (45 бап 5 т.).

Екінші санатты – 14-тен 18 жасқа дейінгі кәмелетке жасы толмаған азаматтар құрайды, сонымен бірге заңмен белгіленген тәртіпте әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған азаматтар да жатады. АПК 45 бап 2 т. сәйкес осы санаттағы азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері, сондай-ақ белгіленген тәртіпте әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған азаматтар да сотта ата-аналары арқылы немесе заңды өкілдері арқылы қорғалады.

14-тен 18 жасқа дейінгі кәмелетке жасы толмаған азаматтардың құқықтары мен мүдделерін олардың заңды өкілдері сотта қорғау туралы жалпы қағидалар ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» туралы 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV ҚРЗ Кодексында (әрі қарай-НОКо) кейбір артықшылықтар қарастырылған. ҚР НОКо 67 бабы 2 т., 69 және 108 баптарына сәйкес 14 жасқа жеткен азаматтар өз құқықтарын және заңды мүдделерін сотта қорғауға құқығы бар [3].

Үшінші санаттағы азаматтарға кәмелетке жасы толмағандар, жасы 14 жасқа толмағандар, сонымен қатар әрекетке қабілетсіз деп танылғандар жатады, сотта олардың құқықтарын заңды өкілдері, прокурорлар қорғайды. Аталған тұлғалар азаматтық процессуалдық қабілетке ие емес, немесе өз құқықтары мен мүдделерін дербес қорғауға қабілетсіз.

Бірқатар материалдық құқықтық нормаларда баланың азаматтық процеске толыққанды қатысушы бола алатыны бекітілген. ҚР НОКо 62, 64, 78, 95, 97, 109, 136 баптарына сәйкес бала, кез келген отбасылық шешімдер қабылдау кезінде, оның мүддесіне қатысы бар мәселелерде өз пікірін айтуға құқылы, сондай-ақ кез келген сот

немесе әкімшілік талқылаулар барысында өзін тыңдатуға құқылы. Он жасқа толған баланың пікірін ескеру міндетті болып саналады, егер әрине бұл оның мүддесіне қайшы келмеген жағдайда.

Бірінші санаттағы азаматтар салыстырмалы түрде азаматтық процессуалдық құқық және азаматтық құқық жөнінен алып қарағанда, негізінен кәмелетке толмағандар санатына жатпайды және бұл мәселе олардың толық дәрежеде әрекетке қабілеттілікке ие болуына қарай мүмкін болып табылады.

Осы орайда қалай және қай жолмен баланың пікірі ескерілуі тиіс деген орынды сұрақ алға тартылады. Сондықтан заңнамаға жүгінген орынды. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңды қолдануы туралы» 2000 жылғы 28 сәуірдегі № 4 нормативтік Қаулысымен, «Балаға сотта сұрау салу оның жас ерекшелігі мен дамуын ескере отырып, педагогтардың қатысуымен, оған мүдделі тұлғалардың әсер етуі болмаған жағдайларда жүзеге асырылады», деп анықталған [4]. Бұл арадағы айта кетерлік бір жайт, «педагог» және «психолог» деген ұғымдар, олардың процессуалдық құқықтары мен міндеттері ҚР АПК ескі нұсқасында мүлдем болмаған [5]. Психологтардан басқа сотта азаматтық істерді қарау кезінде прокурордың, қамқоршы және жебеуші органдардың қатысуы міндетті болып табылады, олар кәмелетке толмаған баланың достарымен, туыстарымен және мұғалімдерімен әңгімелесу арқылы, оның тұрғын жай жағдайын, отбасындағы және мектептегі ахуалдарын бағамдап, сәйкес тұжырым жасайды.

ҚР жаңа АПК 77 бабы 5 бөлігінде, «жасы онға жеткен кәмелетке толмаған баланың даулы мәселедегі пікірін анықтау үшін процессуалдық әрекеттерді жүргізу барысында педагог және (немесе) психологтың қатысуы міндетті» екені тікелей атап көрсетілген. Бұл арада «педагог және (немесе) психолог, балаға сұрақ қоюдың алдында сотта төрелік етушінің рұқсатымен, даулы мәселедегі оның пікірін білу үшін кәмелетке толмаған балаға сұрау салуға, оның жеке тұлғасын сипаттаған азаматтық іс материалдарымен танысуға құқы бар, ал процессуалдық әрекеттер аяқталғаннан кейін сот отырысының хаттамасымен, оның сот отырысына қатысуын көрсететін тұстарымен танысуға құқығы бар». Жасы оннан асқан балаға сұрау салу педагог және (немесе) психологтың қатысуымен жүзеге асырылады. Балаға сұрау салу кезінде оның заңды өкілі соттың хаттамалық шеші-

мі негізінде сот залынан шығарылуы мүмкін. Баланың заңды өкілі залға қайтып келгеннен кейін оған баланың пікірі хабарланады және оған сұрақтар қоюына рұқсат етіледі. Даулы мәселе бойынша баланың пікірі анықталғаннан кейін ол сот залынан босатылады».

Егер қазіргі кезде қолданылып отырған жаңа азаматтық процессуалдық заңнамалар нормасын сараптай келе, «іске қатысы бар тұлғалар» ұғымы толық ашылмағанын байқауға болады. Тіпті, кәмелетке толмағандардың қатысуымен өткізілетін сот дауларында да баланың процессуалдық жағдайы, оның орны нақтылы анықталмағанын атап айту керек.

Жалпыға ортақ қағидалар бойынша, жасы он сегізге толмаған, эмансипациялы жағдайға сай емес немесе кәмелетке толғанға дейін некеге тұрып үлгермеген тұлғалар, өз әрекеттері бойынша қандай да бір субъективті құқықтарға ие болуына және жауапкершілікті сезіне білуге қабілетті емес. Алайда аталған азаматтар санаты сот процестеріне бір тарап ретінде (шағым білдіруші, жауапкер немесе өтініш етуші), өз құқықтарын, бостандықтарын және мүдделерін заңды өкілдердің қорғауымен қатысушы ретінде немесе куәгер ретінде, не болмаса үшінші жақтағы тұлға ретінде қатысуына құқығы бар.

Соттарға азаматтық процестерді жүргізу барысында қатысушы тараптарға өз құқықтарын толық көлемде жүзеге асыруына қолдау көрсету, тараптарға кез келген процессуалдық әрекеттерді жүргізуінің немесе жүргізбеуінің салдары қандай болатынын түсіндіру жауапкершілігі жүктеледі.

ҚР АПК 45 бабы 2 тармағы «Он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың, сондай-ақ әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сотта олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері қорғайды» деп жазылған. Алайда, ҚР АПК 45 бабы 4 тармағы бойынша Заңда көзделген жағдайларда, он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың азаматтық, отбасылық, еңбек, кооперативтік және өзге де құқықтық қатынастардан және алған жалақысына немесе кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстарына иелік етуге байланысты мәмілелерден туындайтын істер бойынша өз құқықтары мен заңды мүдделерін сотта жеке өзі қорғауға құқығы бар екені айтылған. Бірақ, заңнамадағы 45 баптың 6 тармағында кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерін оларға көмек көрсету үшін өз қалауы бойынша соттағы іске қатыстыруға құқылы еке-

ні қарастырылған. Осыған орай, заңды өкілдердің мұндай істерде жүргізетін процессуалдық-құқықтық әрекеттері туралы мәселе, сондай-ақ кәмелетке толмағандар мен заңды өкілдердің процессуалдық әрекеттеріндегі қарама-қайшылықтар туындаған кездегі соттардың да әрекеттерінің маңызы туралы мәселе алға тартылады.

ҚР АПК 45 бабының 4 және 6 тармақтарындағы нормалар бойынша іске қатысушылардың процессуалдық жағдайлары нақтылы айқындалмаған. Сонымен бірге, шағымдану өндірісінде тараптар ретінде кім танылатыны да айқын емес: кәмелетке толмағандардың өзі ме, әлде олардың заңды өкілдері ме. Заңды сараптай келе, процестегі тарап ретінде тек кәмелетке толмаған тұлғаны тану керек екені туралы қорытынды шығаруға болады. Заңды өкілдері болса, қандай да бір азаматтық-процессуалдық өтініштер мен әрекеттерге келісім беруді жүргізеді. Сонымен қатар, «сотқа тартуға құқылы» деген тіркеске сай заң шығарушылар, азаматтық істер бойынша әділеттік орнату кезінде ата-аналарының (немесе оларды алмастырушы тұлғалардың) қатысуын міндетті емес деп тапқанын атап айтқан жөн.

Осылайша, ҚР АПК 45 бабының 4 тармағы бойынша кәмелетке толмағандардың азаматтық процеске қатысуының, «әрекетке қабілетті» азаматтың процеске қатысуынан айырмашылығы шамалы.

Сот процесінде кәмелетке толмағандардың ерік білдіруіне басымдылық беріледі, алайда азаматтық-процессуалдық өтінімдерде, немесе кәмелетке толмағандар немесе олардың заңды өкілдерінің әрекеттерінде қарама-қайшылықтар туындауы анықталған болса, сот олардың түсініктемелерін іске қатысты басқа дәлелдермен салыстырып жинақтай отыра бағалауға міндетті. Бірақ, осы дәлелдемелердің жиынтығы кәмелетке толмағандардың пайдасына жарамсыз болып шықса ше? ҚР АПК 15 бабының 3 тармағына сәйкес сот өз ынтасымен дәлелдер жинаудан толығымен босатылған, оған себеп істің нақтылы жағдайын тек тараптар берген дәлелді өтінімдер бойынша орнықтыру мақсатын көздеу, сөйте тұра олар ҚР АПК қарастырылған тәртіптермен қажетті материалдарды алуға жәрдемдеседі.

Негізі әрекетке қабілеттілік жағдайын тек қана жеке бағалау қажеттігін атап көрсеткен дұрыс, оны жалпы қызметті жүзеге асырудағы қажетті алғышарттар жиынтығына тәуелді деп қарастырған орынды. Кәмелетке толмаған азаматтың әрекетке қабілеттілігі туралы мәселеде әрбір нақтылы жағдайды сот төрелі-

гі жеке қарастырып, шешімін шығарғаны дұрыс. Заңнамалық әдебиеттерде, шағым арызды қабылдар кезде өзге жағдайлардан басқа, субъектінің процеске әзір екенін (іскерлік, еріктілік қасиеттері; ұйымдастырушылық мүмкіндігінің болуы және т.с.с.) анықтап алған жөн деп әділетті түрде атап көрсетеді. Бірақ, басқа қырынан алып қарағанда, мұндай ыңғай таныту кәмелетке толмағандардың құқығын қорғауды толық жүзеге асыру мүмкіндігінің бар екеніне дәлел бола алады [6]. ҚР заңнамалары бойынша кәмелеттік жас он сегіз жас екені белгіленгенін атап кеткен орынды және ол біршама шартты түрде.

Кәмелетке толмаған балалардың азаматтық істерге қатысуын сот отырыстарында ҚР АПК алынған жалпы ортақ қағидалар тәртібінде қарастырады және оларды сотта талқылаудың басқадай азаматтық істерді қараудан айырмашылығы шамалы болады.

Кәмелетке толмағандардың азаматтық процессуалдық әрекетке қабілеттілігін арттыра отырумен бір мезгілде, кәмелетке толмағандардың сотқа жүгінуі, ересектермен тең құқылы жағдайда іс жүргізу және процеске қатысу мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған процессуалдық кепілдік жүйесінің де дамуына жол ашады.

Осыған байланысты азаматтық сот өндірісіндегі отбасылық істерді қарау кезіндегі кәмелетке толмағандардың процессуалдық жағдайына сараптама жасау маңызды.

Ата-аналары бөлек тұратын (олардың некеге (ерлі-зайыптылық қатынастарына) тәуелсіз) кәмелетке толмағандардың тұрғылықты мекен жайы туралы дауларды шешу барысында, сот ҚР НОҚо 68 бабында белгіленген қағидаға сүйене отырып, әкесі мен шешесінің теңқұқылы жағдайына және жауапкершіліктеріне қарай, баланың мүддесіне сай келетін шешім қабылдауға міндетті.

Сот баланың ата-анасының әрқайсысына, бауырлары мен қарындастарына сүйіспеншілік қасиетін, оның жас ерекшелігін, ата-анасының жеке адами қасиеттерін, олардың арасындағы ішкі қатынастарын және баланың қарым-қатынастарын, оған өсіп-жетілуі мен тәрбиеленуі үшін жағдай жасалу мүмкіндігін (ата-аналарының қызмет түрін, олардың жұмыс тәртібін, материалдық және отбасылық жағдайын және т.б.) ескереді, сондай-ақ ата-аналарының әрқайсысы тұратын орындарына қатысты сипатталатын басқа да жайттарды ескереді.

Баланың ата-анасының кез келген біреуінің материалдық-тұрмыстық жағдайының артық-

шылығы, осы ата-ананың талабын қанағаттандыру үшін бірден бір негіз болып табылмайтынын атап өткен жөн.

ҚР НОҚо 62 бабына сәйкес сот он жасқа толған баланың пікірін міндетті түрде қаперге алады, тек бұл оның мүддесіне қайшы келмеген жағдайда.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңды қолдануы туралы» 2000 жылғы 28 сәуірдегі № 4 нормативтік Қаулысына сәйкес, «Балаға сотта сұрау салу, оның жас ерекшелігі мен дамуын ескере отырып педагогтардың қатысуымен, оған мүдделі тұлғалардың әсер етуі болмаған жағдайларда жүзеге асырылады. Бұл арада баланың пікірі ата-анасының біреуінің немесе басқа да оған мүдделі тұлғалардың әсер етуі салдарынан туындап отырмағанын анықтау қажет, ол өзінің пікірін жеке қызығушылығы бойынша білдіргенін сезіне ала ма, жоқ па және ол мұны қалайша негіздей алады». Сұрау салудан басқа сот отырысында баланың пікірі басқа да процессуалдық форма бойынша анықталуы мүмкін. Оның арасында:

- азаматтық істер бойынша дайындық барысында және тұжырымдар жасау кезінде қамқоршы және жебеуші органдар арқылы кәмелетке толмағандарға сұрау салуы;

- кәмелетке толмағандардың сотқа өтініш беруі;

- ҚР АПК 165 бабы тәртібімен сот төрешісі баламен жеке әңгімелесуді жүргізе алады және т.б.

Осылайша, жоғарыда аталғандарды қорытындылай келе, кәмелетке толмағандардың азаматтық процеске қатысуының құқықтық мәртебесі әрмен қарай, іске қатысушы тұлға ретінде бекіте түсуді талап етеді, өйткені олар да азаматтық процессуалдық құқықтық қатынастардың белсенді және толыққанды қатысушылары болып табылады.

Бұл жағдайдағы процеске қатысушылар аясы, оның ішінде кәмелетке толмағандардың да іске қатысушылармен салыстырғанда, анағұрлым кең. Осыған байланысты, әр түрлі жастағы кәмелетке толмағандар санатына қандай құқықтық белгілер тән және олар қандай процессуалдық құқықтар мен міндеттерге ие болатынын нақтылы анықтап алу қажет.

Кәмелетке толмағандардың ісі бойынша арнайыландырылған ауданаралық соттардың құрылуы және ювенальды юстиция рөлі мен маңызының артып отыруы, бірқатар ғалымдар арқылы кәмелетке толмаған тұлғалардың про-

цессуалдық-құқықтық мәртебесіне арналған арнайы тарауды АПК енгізуіне негіз болған [7].

Сонымен бірге, біздің ойымызша, осы тараудың АПК енгізілуі, кәмететке толмаған тұлғалардың процессуалдық мәртебесіне қатысты барлық мәселелерді шеше алады деген сөз емес. Керісінше, бұл көп жағдайда АПК онсыз

да қордаланған құрылымдық және мазмұндық бөліктерін қиындата түсуі мүмкін.

Тұтастай алғанда, азаматтық процессуалдық заңнамалардың даму үдерістері бүгінгі таңдағы кәмететке толмаған тұлғалардың азаматтық сот өндірісінде толыққанды қатысушылар санатындағы процессуалдық мәртебесінің күшейе түскенін көрсетеді.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлігі), Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі арқылы 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданған //Ақпараттық жүйе «Параграф», 2016 ж.
- 2 Қазақстан Республикасының Азаматтық процессуалдық кодексі 2015 жылғы 31 қазанда қабылданған № 377-V ҚРЗ. – Алматы: ЮРИСТ, 2016.
- 3 Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» туралы 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі №518-IV ҚРЗ //Ақпараттық жүйе «Параграф», 2016 ж.
- 4 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңды қолдану туралы» 2000 жылғы 28 сәуірдегі № 4 нормативтік Қаулысы //Ақпараттық жүйе «Параграф», 2016 ж.
- 5 Қазақстан Республикасының Азаматтық процессуалдық кодексі 1999 жылғы 13 шілде № 411-I.
- 6 Баймолдина З.Х. Қазақстан Республикасының Азаматтық процессуалдық құқықтары. 1 том. Жалпы бөлімі. Оқулық. – Алматы: КазГЮА, 2001. – 416 б.
- 7 Здрок О.Н. Азаматтық процессуалдық заңдылықтарды кәмететке толмағандардың құқығын реттеу саласында жетілдіре түсу //Құқық және демократия: ғылыми болж. жин. 19 шығ./Белорус. мем ун-т; ред.алқа: В.Н. Бибило (бас ред.) [және басқалар]. – Минск: БМУ, 2008. – 211-226 б.

References

- 1 Kazakstan Respublikasynyn Azamattyk kodeksi (Zhalpy bēligi), Kazakstan Respublikasynyn Zhogargy Kenesi arkyly 1994 zhylgy 27 zheltoksanda kabyldangan //Akparattyk zhyje «Paragraf», 2016 zh.
- 2 Kazakstan Respublikasynyn Azamattyk processualdyk kodeksi 2015 zhylgy 31 kazanda kabyldangan № 377-V KRZ. – Almaty: JuRIST, 2016.
- 3 Kazakstan Respublikasynyn «Neke (erli-zajyptylyk) zhane otbasy» turaly 2011 zhylgy 26 zheltoksandagy Kodeksi №518-IV KRZ //Akparattyk zhyje «Paragraf», 2016 zh.
- 4 Kazakstan Respublikasy Zhogargy Sotynyn «Sottardyn balalardy tarbieleuge bajlanysty daulardy sheshu kezinde zandy koldanuy turaly» 2000 zhylgy 28 sauirdegi № 4 normativitik Kaulysy //Akparattyk zhyje «Paragraf», 2016 zh.
- 5 Kazakstan Respublikasynyn Azamattyk processualdyk kodeksi 1999 zhylgy 13 shilde № 411-I.
- 6 Bajmoldina Z.X. Kazakstan Respublikasynyn Azamattyk processualdyk kukiytary. 1 tom. Zhalpy bēlimi. Okulyk. – Almaty: KazGJuA. 2001. – 416 b.
- 7 Zdrok O.N. Azamattyk processualdyk zandylyktardy kameletke tolmagandardyn kukiygyn retteu salasynda zhetildire tysu //Kukyk zhane demokartija: gylymi bolzh. zhin. 19 shyg./Belorus. mem un-t; redalka: V.N. Bibilo (bas red.) [zhane baskalar]. – Minsk: BMU, 2008. – 211-226 b.